

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



II Халықаралық Фараби оқулары аясындағы
«ЖОО БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ МЕНЕДЖМЕНТІ» атты
ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

10 сәуір 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

научно-методической конференции
«МЕНЕДЖМЕНТ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ»
в рамках II Международных Фарабиевских чтений

10 апреля 2015 года

Алматы 2015

| | |
|--|----|
| Токсанбаева Н.К., Бердібаева С.Қ., Жұбаназарова Н.С. Жоғары оқу орнында психологияны оқытудың әдістемелік негізі | 95 |
| Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф. Специфика преподавания спецкурса «История философии древнего Востока» | 98 |

ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ И ВОСПИТАНИИ

| | |
|---|-----|
| Абдирайымова Г.С., Кенжакимова Г.А., Бурханова Д.К., Серикжанова С.С. Интеграционный потенциал казахстанского высшего образования в контексте Болонского процесса (результаты социологического исследования)..... | 103 |
| Асқар Л.Ө., Аташ Б.М., Құранбек Ә.А., Әлиев Ш.Ш. Логикадан сабақ берудің оңтайлы ұстындары | 106 |
| Ахтаева Н.С. Из опыта проведения лекции-визуализации как новой вузовской формы обучения..... | 107 |
| Ахтаева Н.С., Ауталипова Е.Н. Из опыта руководства вузовской педагогической практикой докторантов (на примере практического занятия по социальной психологии) | 109 |
| Әбдірайымова А.А., Мырзалы С.К. Кредиттік технологиялардың мүмкіндіктерін толығынан іске асыру қажет | 112 |
| Байшукурова А.К., Ахтаева Н.С., Кабакова М.П., Басыбекова К.Е. Влияние оценки знаний на формирование компетенций у субъекта обучения | 115 |
| Бердібаева С.Қ., Токсанбаева Н.К., Жұбаназарова Н.С., Файзуллина А.К. Білімдер жүйесіндегі жаңа инновациялық процестердің бірі оқытудың кредиттік жүйесіндегі студенттердің – өзіндік жұмысы | 117 |
| Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Формирование критического мышления и медиаграмотности в условиях интеграции науки и образования | 121 |
| Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Инновационные технологии в интерактивном изучении гуманитарных дисциплин | 124 |
| Бияздықова К.Ә., Мұхамбет Ә. А., Тұрманбетов Ә.М. Заманауи білім беру үрдісінде инновациялық және интерактивті тәсілдерді білім беру бағдарламаларында жүзеге асыру | 127 |
| Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Использование современных интерактивных технологий в процессе формирования коммуникативной компетентности студентов | 130 |
| Жолдубаева А.К. Роль дистанционного обучения в развитии сущностного потенциала, индивидуализации и гражданского становления студента..... | 132 |
| Жұбаназарова Н.С., Токсанбаева Н.К., Камзанова А.Т. Социально-личностные компетенции выпускников-психологов как отражение эффективности инновационных технологий обучения..... | 135 |
| Жұбаназарова Н.С., Аймағанбетова О.Х., Болтаева А.М., Жолдасова М.К., Нареге Г. Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы негізінде студенттердің қарым-қатынасын қалыптастыру жолдары..... | 139 |
| Қалымбетова Ә.К., Дүйсенбеков Д.Д., Файзуллина А.К., Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К. Тұлалардың құзіреттілігін дамыту – еңбек әрекеті өнімділігінің жемісі ретінде..... | 142 |
| Кантарбаева Ж.У., Муханбет А.А. Роль и значение инновационных технологий обучения в современной сфере образования | 145 |
| Касымова Р.С., Мадалиева З.Б. Тренинг как метод отработки базовых умений профессионального общения | 148 |
| Ким Л.М. Конспект как традиционное средство обучения в современном вузе..... | 150 |
| Қунабаева М.Н., Сатыбалдина Н.К., Сулейменов П.М., Сейтхан Р.Б., Ескожаева Ш. Личностные компетенции педагогов в условиях новой образовательной парадигмы..... | 153 |
| Қайдарова Ә.С., Халикова Ш.Б. «Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар» пәнін оқытудағы тәсілдер мен олардың біліктілікті иеленуге ықпалы | 157 |
| Құдайбергенова Ә.М. Құзыреттілік тұғыры негізінде мамандарды даярлау тәжірибесі..... | 159 |
| Мадалиева З.Б., Касымова Р.С. Применение метода позиционного обучения на уроках «Самопознания» | 160 |
| Мукашева А.Б. Творческие задания по педагогике как фактор формирования креативности будущих специалистов..... | 163 |
| Мұсатаев С. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдісінің ғылыми ізденісті дамытуға ықпалы | 165 |
| Мямешева Г.Х. Креативность от Эдварда де Боно: шляпы и фигуры мышления | 169 |
| Насимова Г.О. Научно-исследовательская деятельность студента как фактор повышения качества подготовки специалистов..... | 173 |
| Насимова Г.О., Кенесов А.А., Сейсебаева Р.Б. Новая образовательная парадигма: издержки роста..... | 175 |
| Нұрышева Г.Ж., Аташ Б.М. «Ғылыми таным философиясы» пәнінен СОӨЖ/СӨЖ өткізудің негізгі бағдарлары | 179 |
| Өмірбекова Ә.Ө. Кейс-стади әдісі – білімді бағалаудың жаңа формасы..... | 181 |
| Сайтова Н.А. Дискуссия как метод активного обучения политологии..... | 183 |
| Сатыбалдина Н.К. Психологические проблемы преподавателей высшей школы зрелого возраста..... | 186 |
| Сенгірбай М.Ж. Батыс жоғары оқу орындарының халықаралық және этносаралық конфликтілерді оқытудағы симуляция әдісін пайдалану тәжірибесі | 190 |
| Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р. Влияние инновационных технологий на смысл учебной деятельности студентов-психологов с разным стилем совладающего поведения | 192 |
| Төлешова Ұ.Б., Елшібекова А.Т. Куратор-эдвайзердің университеттегі жұмыс жүйесі..... | 196 |
| Шеденов У.К., Ахметова З.Б. Инновационные технологии в преподавании брендинга как способ подготовки специалистов новой формации и воспитания молодежи..... | 199 |

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі жағдайда білім беру жүйесіне әртүрлі өзгерістер енгізілуде. Үкімет талабымен қатар дара тұлғаның өзіндік дамуында қажетін қанағаттандыруға, жас маманның туындаған мәселелерді талдау іскерлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған үндеуінде ұлттық білім беру жүйесінің дүниежүзілік стандартқа сай, қазіргі кездегі талаптарды қанағаттандыратындай болу қажеттігі ең маңызды мәселе ретінде қаралып, Қазақстан Республикасының түгел дерлік бағдарламалық құжаттарынан өзінің көрінісін табуда.

Қазақстанда білім беру сапасын көтеру жоғары білім беру құрылымдарын реформалауды, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын ендіруді, педагогикалық процесті жетілдіруді қажет етеді.

Сондықтан оқу процесінде студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы сабағында студенттердің қарым-қатынасы, шығармашылық белсенділігі, өз бетімен білімді игеру дәрежелері үнемі басты мәселелердің бірі болып табылады. Заман ағымымен тығыз байланыста болатын білім беру үрдісі қай кезде де әрбір адамның жалпы дамуының кең ауқымдылығын қамтамасыз етуі шарт. Негізінен тек оқытушы түсіндіріп, студенттер тыңдап, сұрағына жауап беріп, не жоспар бойынша практикалық жұмыстар орындаған формасына қалыптасқан. Сабақты осылай өткізу, әрине студенттің ойлануына, еркін сөйлеуіне, ой жүйесінің дамуына толық мүмкіндік бермейді. Студенттердің белгілі бір іс-әрекетке деген белсенділігі де аса байқалмай, кейбір студенттер қалыс қалып отырады. Ал, белсенді оқыту әдісі арқылы визуальды дәрісті қолдану және берілген өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда ақпараттандыруды қолдану әртүрлі деңгей бойынша құрылған бақылау жұмыстарын орындау нәтижесімен, семестрлік жұмыстар, студенттің өзіндік жұмысы тапсырмалары мен студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы сабағында студенттердің бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы икемділігі байқалады.

Оқу-тәрбиелік жағдай – өзара байланыстың белгілі-бір типі, барлық көрсетілген айнымалылардың оқу процесінде дамуының динамикасындағы сәйкестік болып табылады. Оқу жағдайы құрылымындағы орталық динамикалық формалар, *бір жағынан*, студенттердің өздерінің бір-бірімен өзара әрекетінің сипатын анықтайтын оқытушы мен студенттердің оның басқаруының авторитарлық немесе демократиялық басымдылығымен оқу өзара әрекет жүйесі; *екінші жағынан*, оқу пәнінің пәндік мазмұнын объективтендіретін әртүрлі психологиялық қиындықтағы тапсырмалар жүйесін құрылымдандырудың сипаты.

Профессор С.М. Жакыповтың тұжырымдамасында қарым-қатынас бірлескен іс-әрекет, өзара әрекеттесуші субъектілердің белсенді ұйымдасқан жүйесі ретінде қарастырылып, жан-жақты сипатталған. Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас ерекшеліктерінің көрсеткіштері жасалған. Оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекетіне оқытушы мен студенттердің тек коммуникативті ғана емес, сонымен қатар заттық-практикалық өзара әрекеттестігі де енеді. Бұл өзара әрекеттестіктер педагогикалық қарым-қатынастың негізін құрайды.

Бірлескен оқу іс-әрекеті – меңгерілген іс-әрекеттің қалыптасу процесіндегі әрекеттерін, операцияларын, осы әрекеттердің, оқытушы мен студенттер операциялардың вербалды және вербалды емес сигналдарын алмастыру актысы.

Бірлескен оқу іс-әрекетінің мақсаты – оқудың өзіндік реттелуінің, меңгеріліп отырған заттық іс-әрекеттің және өзара әрекеттестік актлары мен ондағы тұлғаның позицияларының механизмдерін құру.

Пәні – оқу іс-әрекетінің және өзара әрекеттестік пен қарым-қатынастың нормаларының тәсілдері.

Өнім – оқудың жаңа мағыналарын өзектендіру және студенттердің меңгерілген іс-әрекеттің мазмұнымен және жұптағы тұлғалық ұстанымдарын реттеумен байланысты оқудың жаңа мақсаттарын айқындауы [1].

Бірлескен оқу іс-әрекетінің мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде бірлесіп шешілген өнімді және шығармашылық тапсырмалар жүйесі, оқытушы мен студенттердің бір-бірімен өзара әрекеттестік формаларының жүйесі алынады.

А.А. Леонтьевтің пікірінше «Қарым-қатынасты интериндивидуалды емес, элеуметтік феномен ретінде түсіну керек; оның субъекті ретінде индивидті емес, элеуметтік топ немесе тұтас қоғамды алу керек» – деп қарастырады [2].

Қарым-қатынасты зерттеу барысында әр ғылым бұл процесті әр жақтан қарастырады. Қарым-қатынас ұжымдық еңбекте ғана маңызды орын алмайды. Адамның тұлға болып қалыптасу процесінің

өзі, оның қоғамдық адамға айналуы қарым-қатынассыз мүмкін емес. Дамыған тұлғаға қарым-қатынас қажеттілікке айналады.

Адамның ерікті белсенділігінің барлық түрлерін субъект-объектілік және субъект-субъектілік деп бөлу қабылданған, алғашқысы – іс-әрекет категориясына, ал екіншісі қарым-қатынас категорияларына жатқызылады.

Іс-әрекетті субъект-объектілі өзара әрекет ретінде қарастыру субъектінің мақсатқа бағытталған белсенділігі мен объектінің «әрекетсіздік» реактивтілігін қарама-қарсы қоюға негізделеді және бұл адамның жалпылама түсінігінде іс-әрекет субъектісі ретінде бейнеленеді. Бұл өз қажеттіліктерін ескере отырып, өз мүмкіндіктерін пайдаланып және түрлі қосымша құралдарды жасап, адам объектіні қалай да өзгертеді, оған әсер етеді, жаңа байланыстарға және қатынастарға енгізеді, яғни оны ассимиляциялайды.

Ал осындай өзара әрекеттесулерде кездесетін ақпарат алмасуды айтатын болсақ, онда ол қарым-қатынас емес коммуникация болып табылады, яғни ақпарат көзі мен ақпаратты қабылдаушы арасындағы ақпараттық байланыс, бірақ оны механизмдер емес адамдар жүзеге асырады.

Б.Г. Ананьевтің зерттеуі бойынша, студенттік шақта адамның негізгі функциялары (сенсорлық-перцептивтік), мнимикалық (есте қалдыру), психомоторлық (қимыл-әрекеттері), әсіресе, сөйлеу-ойлау процестері айтарлықтай белсенді түрде дамиды. Студенттердің дамуы олардың темпераментінің қалыптасуына әсер етеді. Студенттің темпераменті оның жеке тұлғалық қасиетін, қабілетін танытады. Студенттің танымдық қабілеті белгілі бір ортадағы қарым-қатынаста ақпаратты ұтымды қолдануынан байқалады [3].

Әйгілі ғалым Н.Е. Жуковский дәріс туралы тұжырымдамасында: «Әсер қалдыру күші бойынша дәрістік тәсіл сабақ берудің басқа барлық түрлерінен жоғары тұрады және ештемемен алмастыруға келмейді. Сонымен қатар, ол уақыт бойынша өте үнемді» – деп жазған.

Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы сабағында әртүрлі жаттығуларды, әдістерді қолдану арқылы студенттердің белсенділіктерін анықтауға болады. Мұнда студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы нәтижесін бақылау әр деңгейлі тапсырмаларды қолдану арқылы, студенттер мен оқытушылар арасында шынайы қарым-қатынас орнауымен өзара әрекет барысында төмендегідей көрсеткіштерді анықтауға болады:

- студенттер мен оқытушы арасында байланыс болу;
- шынайы қарым-қатынас туындау;
- міндеттерді айқын көрсету;
- студенттер арасындағы өзара ашық әңгіме, пікірталас туындау;
- студенттердің негізгі мүмкіндіктері көрінеді;
- студенттердің болашақ мамандықтарына байланысты жоспарларын мақсаты мен міндеттерін құру.

Тәрбиеге комплекстік бағытта студенттің мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін ашу мүмкін болып табылатын, студенттің барлық іс-әрекеттерінің ұйымдасуы болады. Ю.П. Азаровтың пікірінше: «Бұл оқыту-тәрбиелеу үрдісі тәрбиенің барлық бөліктері, тәрбие үрдісінің барлық жүйелері сәйкес өзара әрекетте болатын біртұтастықты білдірген жағдайда мүмкін болып табылады. Ондай жүйелерге мыналар жатады:

1. Технологиялық (материалдық жағдайлар, режим, іс-әрекеттің түрлері, әдістері, оқу және тәрбиелік жоспар, жобалаудың, жетекшіліктің және бақылаудың бірдей жүйесі).
2. Әлеуметтік-психологиялық (қатынастардың барлық түрлері: заттық әлемге, адамдарға, өз-өзіне қатынас).
3. Этикалық жүйе (студенттің бүкіл рухани-эмоционалды өмірі, оның танымдық белсенділігі, ұнамдылығы, жетілдіруге талпынысы)».

Технологиялық жүйе немесе технология формальды және шығармашылық істердің жүйесін білдіреді. Ең алдымен тәрбиеші өз іс-әрекетінде студенттердің практикалық іс-әрекетіне бағытталуы тиіс. Мұнда оқытушы мен студенттер арасында формальды және шығармашылық істердің жүйесін жақсылап бөлу қажет. Қалыптасып келе жатқан қатынастың механизміндегі негізгі қозғаушы – студенттерді белсенді практикалық іс-әрекетке тартудың тиімді формасы ретіндегі студенттік өзін-өзі басқару. Кез келген оқытушы өз іс-әрекетінің мазмұнына үнемі көңіл аудару, өзара аз байланысты жұмыстың жеке түрлерін орындау, студенттердің ішкі позициясына қызығу жоқ болғандағы олармен формальды байланыс тиімді іс-әрекетке алып келмейтіндігін естен шығармауы қажет.

Кез келген тәрбие технологиясының мәні мынада: мақсат қою, оған қол жеткізу жолдарын анықтау, тәрбие жоспарын құрастыру; осыған ұқсас істерді орындау тәжірибесімен танысу; жұмыс қалай жүруі керектігін айқындау; көмекшілерді, орындаушыларды таңдау; қызметтерді бөлу; не істеу керектігін түсіндіру; жұмысты бақылау; іс-әрекеттің қорытындысын жасау. Психологиялық-педагогикалық техника студенттердің тәртіптілігін басқаруға, оқытушыға қажетті иілгіштікті

калыптастыруға, психологиялық-педагогикалық әсерлердің әдістерін дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-психологиялық жүйе топ ішілік өзара қатынастар мен әсерлерді ұйымдастыруды білдіреді. Ол үшін тәрбиеші ұжым ішілік қатынастарды және тәуелділіктерді, қарама-қайшылықтар мен конфликтілердің табиғатын білуі қажет. Олардың қатарында мыналар бар:

- студенттік топтың әрбір мүшесінің дәрежесі мен қызметтік жүріс-тұрыспен анықталмаған жеке студенттердің әсері арасындағы қарама-қайшылықтар;
- іс-әрекетті ұйымдастырумен ізделетін мақсаттардың тұлғалық мәнді мақсаттарға сәйкес еместігі;
- микро ортаның ұнамды тәжірибесінің қоғамдық мораль бағдарларымен сәйкессіздігі;
- бір жағынан, студенттерде жеткілікті дамыған еріктік сфераның, жинақылығының екінші жағынан, оқытушының талап қойғыштығының жоқтығы.

Әрбір студенттің танымдық және тиімді қатынастар жүйесіне енуі мыналармен шарттанады:

- 1) әрбір студентпен жұмыста жақын психологиялық-педагогикалық тапсырманы қою;
- 2) өзара ақниеттік және өзара көмектесу атмосферасын қалыптастыру;
- 3) күнделікті өмірдегі жақын қоршаған ортаның тәрбиелік әсерлерін есепке алу;
- 4) коллективтің құрылымы, студенттердің тұлғалық қасиеттері туралы ақпараттарды пайдалану;
- 5) бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру;
- 6) студенттерді объективті бағалау және оларға бірдей қатынас.

Этикалық жүйе оқытушы мен студенттер арасындағы өзара қатынастың, сонымен қатар студенттердің адамдарға, іс-әрекетке және өз-өзіне деген қатынасының нормаларын береді.

Тәрбие үрдісінде тәрбиешінің тұлғасына үлкен жауапкершілік түседі. Жоғары оқу орны жағдайында бұл тәрбие қызметін барлық жоғарғы мектеп оқытушылары орындайды. Жоғары оқу орнындағы оқыту-тәрбиелік процестің қазіргі кездегі күйі оқытушыдан белгілі-бір икемділіктердің болуын талап етеді. Тәрбиешінің маңызды икемділіктеріне мыналарды жатқызуга болады:

- әртүрлі психологиялық-педагогикалық жағдайлардағы студенттер ортасында, әрбір жеке студентте болатын үрдістерді дұрыс қабылдау икемділігі;
- жағдайды таңдауға қатысты «мақсат-құрал-нәтиже» сәйкестігін талдау икемділігі;
- студенттер өмірін ұйымдастыру икемділігі;
- талап ету және сену икемділігі;
- тез арада бейімделу және зейінді аудару икемділігі;
- жағдайды әртүрлі көзқарастар тұрғысынан бағалай алу икемділігі;
- психологиялық-педагогикалық фактілердің көп түрінен мәндісін бөліп алу икемділігі;
- бір ғана жағдайда әсер етудің әртүрлі тәсілдерін пайдалана алу икемділігі;
- өз көңіл-күйін, сезімдері мен ойларын сөзбен, мимикамен және қозғалыстармен дәлме-дәл бере білу икемділігі.

Оқытушы-тәрбиешінің жетістікті іс-әрекетінің басты негізі тек реалды көрінген психологиялық-педагогикалық салдарларды ғана емес, сонымен бірге психологиялық-педагогикалық әсер етулердің нәтижелерін жобалауды анықтау болып табылады.

Ал, профессор К.Б. Жарықбаев «Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты» болатынын, «баланың білімі тереңдеп, икемділігі артып, дағдысы көбейе түссе, оның қабілеті де ойдағыдай дамып» отыратынын айтады [4]. Әрбір сабақтарда интерактивтік технологиялар бойынша жаңа мәліметтердің студенттер санасына әсер етіп, олардың белсенді әрекетін туғызып, ой елегінен өткізіп өз пікірін оқытушыға жеткізеді. Осы мәліметтер ағымы студент пен оқытушы арасында қарым-қатынас негізінде қайталанып білім негізі қалыптасады. Студенттің өзіндік жұмысы мен студенттің оқытушымен өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру студенттің танымдық біліктілігін жетілдіруге ықпал етеді. **Танымдық біліктілікті** қалыптастыру студенттің іскерлік қасиеті негізінде іске асады. Білім алушының танымдық біліктілігі бірнеше іскерлікті дамыту арқылы қалыптасады.

Студенттің **метатанымдық іскерлігі** алға қойған мақсатын анықтау, іс-әрекетін жүйелі түрде жоспарлау, кездескен қиындықтардан шығу жолын іздестіру, нәтижені бағалай білу, жалпы оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыра білуінен байқалды.

Студенттің **ақпараттық іскерлігі** қажетті ақпаратты табу, оны талдау, екшеп, сұрыптап ала білу, ақпаратпен жұмыс істеуді дұрыс ұйымдастыра білу қабілетінен көрінді. Студенттің бұл іскерлігі шығармашылық тапсырмаларды орындауда, тест тапсырмаларын шешуде т.б. анық байқалды. Кредиттік оқу жүйесінде СӨЖ пен СОӨЖ жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. СӨЖ тапсырмаларына реферат, тезис жазу, конспектiлеу, анықтама жазу, картотека жинау, сызбалар дайындау, кластер құру және тағы басқа да жұмыстар жатса, СОӨЖ сабағы арқылы баяндама, жоба жұмысы, шағын шығармашылық жұмыстар, зерттеушілік, ізденушілік жұмыстарының әртүрлі формада берілуі тақырыпты терең және сапалы меңгеруге ықпал етіп, жоғары нәтижеге жеткізді.

М. Мұқановтың «Сабақта студенттермен байланыс жасаудың негізгі тәсілінің бірі – оқытушының сөзінің нақты және студенттерді сендіретіндей болып келуінде. Мұғалім сөзінің сенімділігі деп, айтылатын сөздердің айқын, бірінен соң бірі жүйемен келуін айтады» – деген пікірі педагогикалық үдерістегі оқытушының қатысымдық мәдениетіне байланысты мәселелерді айқындауға ықпал етті [5].

Педагогикалық қызметте педагогтың мәдениеті бірінші орында тұрады. Болашақ маманның кәсіби мәдениеті адамдармен қарым-қатынас жасай білуінен байқалады. Адамдармен тез арада тіл табыса білуі оның қатысымдық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Студенттің мәдениеті оның өзін-өзі тәрбиелеу мен дамытуының дәрежесін, дағдысы мен қабілетін байқатады. Қабілеті коммуникацияның барлық түрін ұтымды қолдана білу, айтатын сөзін дұрыс жоспарлай білу, сөйлеу мәнері мен қажетті сөздерді ұтымды қолдана білуінен көрінеді. Ол студенттен жаңа білім мен дағдыны өңдей алатын қабілеті болуын, алатын білімін дұрыс ұйымдастыра білуді, өз ісіне жауапкершілікпен қарауды, жұмысын бағалай білуді талап етеді.

Әдебиеттер

1. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алма-Ата: Казак университеті, 1992. – 195 с.
2. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. – М., 1979.
3. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания. – М.: МОДЭК, 2005.
4. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 255 б.
5. Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері. – Алматы: ҚазМем.баспасы, 1962. – 45 б.

**Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д., Файзуллина А.К.,
Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К.**

ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ – ЕҢБЕК ӘРЕКЕТІ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЖЕМІСІ РЕТІНДЕ

Болашақ маманның кәсіби мәдениетінің мәнді бөлігі, оның кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілеттілігі және даярлығының бейнесі болып табылатын кәсіптік құзыреттіліктің негізі жоғары оқу орнында қаланады. Маманның инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру құзыреттілігі, жалпы кәсіптік құзыреттілік сияқты, оның бүкіл кәсіптік өмірі барысында қалыптасып, дамиды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» – деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді [1].

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға студенттің хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, конфликтерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп түлектердің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады [2, 3, 4]:

- түйінді құзыреттер;
- жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- өмірлік дағдылар.

Бұл төрт бағыттың бәрі біздің білім беретін оқу орындар үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау түлектер құзыреттіліктерін, олардың оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себепін тигізетін болады.